

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

сатып алу туралы

<тауардың атауы>

<тапсырыс берушінің аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> арқылы, бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік білгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат беретін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы>, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, < қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат > негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоятын адамының лауазымы және ТАӘ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірге «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алуды жүзеге асыру үшін негіз> тармақшасына және <хаттаманың бекітілген күні> тікелей шарт жасасу тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес осы шартты (бұдан әрі – Шарт) төмендегілер жөнінде жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші <тауардың атауы> (бұдан әрі – тауар) Жеткізушіден тікелей шарт жасау арқылы <ҚҚС сомасын қоспағанда> __ теңге __ тиын (__ теңге __ тиын) сомасына сатып алу туралы шешім қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда Тауарды Тауар бірлігінің бағасына, техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген атауына, санына, жиынтығына сәйкес жеткізуге міндеттеме алады.

1.3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда көрсетілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- осы Шарт;
- сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) тізбесі (Шартқа №1 қосымша);
- техникалық ерекше нұсқама (Шартқа № 2 қосымша).

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) (бұдан әрі – Шарттың жалпы сомасы) болады, _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын)

____ тиын) мөлшеріндегі Тауар құнынан, <____ теңге ____ тиын (____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады (егер Жеткізуші ҚР резиденті және ҚҚС төлеушісі болса қолданылады)>.

Шарттың жалпы сомасы сақтандыруды, салықтарды, баждарды және өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауарды жеткізумен байланысты барлық шығысын қамтиды (қажет болған кезде).

Шарттың жалпы сомасы сатып алынатын Тауардың нақты санына байланысты Тауардың бір бірлігінің бағасы өзгермей азайтылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың Шартқа қосымша келісім жасауы талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны <Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы> _____ (бұдан әрі - _____) көрсетіледі.

2.2. Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлемді Жеткізушінің банктік шотына мынадай тәртіппен ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жеткізуші Тапсырыс берушіге «Электрондық шот-фактуралар» мемлекеттік ақпараттық жүйесінің (ЭШФ АЖ) web-қосымшасы/порталы арқылы қойылған тиісінше ресімделген шот-фактураны (инвойсты) және электрондық түрдегі қорларды бір жаққа жіберуге арналған жүкқұжатты ұсынған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары электрондық түрдегі және (немесе) қағаз нұсқадағы Актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасының 100% (жүз пайызы) мөлшерінде Тауарды толық көлемде тиісті жеткізу фактісі бойынша.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де осыған ұқсас төлемдерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар екі Тараптың да қосымша келісімге қол қоюы арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы ұсталады.

2.5. Факсимильдік байланыспен алынған құжаттардың заңды күші болады және Тапсырыс беруші оларды кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқаға ауыстыра отырып қабылдайды (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жеткізушілер үшін).

2.6. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен (валюта түрі) жүргізеді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Жеткізуші тиісті түрде ресімдемеген қажетті төлем құжаттарын уақтылы ұсынбау немесе ұсыну Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізушіні Тауардың жеткізілу барысына, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен

санына бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті жауапты адамдар туралы хабардар етуге;

2) Жеткізуші Шарт талаптарына сәйкес жеткізген Тауарды *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* негізінде қабылдауға;

3) Шарт талаптарына сәйкес Шарт бойынша ақы төлеуге міндеттенеді;

3.2. Тапсырыс беруші:

1) Тауарды қабылдау-өткізу барысында оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін Тауардың сапасы мен санын тексеруді жүзеге асыруға;

2) Тауардың жеткізілу барысын, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;

3) Тауарды қабылдау-тапсыру барысында Тауарда кемшіліктер, ескертпелер, жиынтықтылығының және (немесе) моделінің сәйкессіздігі, пысықталмаған тұстары, қателер, кемшіліктер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, оны бағасы бойынша ұқсас және сапасы тиісті (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа Тауарға ауыстыруды немесе ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге не Тауарды қабылдаудан және оған ақы төлеуден бас тартуға, бұл ретте Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жіберуге;

4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алған жағдайда ахуалды бағалауға және өз қалауы бойынша және Жеткізушінің кінәсінен тыс туындаған объективті себептер болған кезде Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;

6) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға;

7) Жеткізушіден Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тиісті сападағы және Техникалық ерекше нұсқама талаптарына сәйкес келетін Тауарды жеткізуді талап етуге (Шартқа №2 қосымша);

8) Тауарды қабылдау кезінде оның осы Шарттың және Техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына сәйкестігін, оның ішінде жиынтықтылығын, санын, сапасын, жұмысқа қабілеттілігін, техникалық және функционалдық сипаттамаларының сәйкестігін, таңбалануын, сериялық нөмірлерін, зауыттық қаптамасының, кепілдік құжаттарының және өзге де ілеспе құжаттамасының болуын тексеруге, сондай-ақ Тауардың белгіленген конфигурациясының Техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына сәйкестігін тексеруге;

9) Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерді, оның ішінде Тауарды қабылдау-тапсыру барысында анықталған ақауларды жою жөніндегі міндеттемелерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында, Шарттың 6-бөліміне сәйкес Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға және (немесе) Шартты бұзуға құқылы.

3.3. Жеткізуші:

1) Тауарды тиісті сапада, техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген санды, мерзімде және талаптар бойынша жеткізуге;

- 2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жоғалу, бүліну немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеруге;
- 3) Тапсырыс беруші Акті бойынша тиісті түрде жеткізіліп, қабылдау-тапсыру актісімен (бұдан әрі – Акті) берілген Тауарда, оның ішінде оның барлық құрамдас бөліктерінде, жеткізу, қабылдау-тапсыру және кепілдік мерзімі ішінде ескертпелер, сәйкессіздіктер, кемшіліктер, ақаулар, жұмыс істеу қабілетінің бұзылуы анықталған, сондай-ақ істен шыққан, ақаулы және (немесе) зақымдалған жинақтауыштар, жабдық немесе оның модульдері (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, Жеткізуші оларды өз есебінен Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде, бірақ Тапсырыс берушіден анықталған ақаулар туралы хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннен аспайтын мерзімде жоюға;
- 4) Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап 12 ай ішінде тауардың сапасына кепілдік беру *<тауарды жеткізу фактісін растайтын және шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы>* Тапсырыс берушіге кепілгердің (Жеткізушінің) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беру арқылы;
- 5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған жасырын және басқа да ақпаратты жария етпеуге және құпия сақтауға;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шарттың уақтылы орындалуына кедергі келтіретін талаптарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кідіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін біреуге толық не ішінара бермеуге (*қажет болғанда*);
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 10) Жеткізуші қайта ұйымдастырылған немесе таратылған не Тауарды жеткізу құқығынан айырылған жағдайда, қайта ұйымдастыру, тарату немесе Тауарды жеткізу құқығынан айырылу туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Тапсырыс берушіге хабарлауға;
- 11) Тауарды жеткізу кезінде Тапсырыс берушінің ғимараттарында белгіленген ішкі тәртіпті және режимдік талаптарды, қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі талаптарын және санитариялық нормаларды сақтауға;
- 12) қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

- 1) Шарт талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарға ақы алуға;
- 2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпестен сапалық сипаттамалары жақсартылған Тауарды жеткізуге құқылы.

4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні техникалық ерекше нұсқамаға (Шартқа №2 қосымша) сәйкес.
- 4.2. Тауарды жеткізу орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 30/8, 163-тұрғын емес үй-жай.
- 4.3. Тауарды жеткізу Жеткізуші тарапынан өз қаражаты есебінен Шартта көрсетілген Жеткізу орнының мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.
- 4.4. Жеткізуші Тауарды Тауардың Жеткізу орнына тұтастай жеткізілуін және тасымалдау және сақтау кезінде кез келген зақымданудан сақталуын қамтамасыз ететін қаптамада жеткізуге міндетті.
- 4.5. Тауар жаңа, бұрын пайдаланылмаған болуы тиіс.
- 4.6. Тауарды қабылдау-тапсыру процесінде Тапсырыс берушінің жауапты тұлғалары Жеткізушімен бірлесіп, Тауардың Шарт талаптарына, Техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және ақаулар болмаған жағдайда, Тараптар Актіні Тапсырыс беруші Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оған қол қояды.
- 4.7. Жеткізілетін Тауар Техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына сәйкес келмеген және (немесе) Тауарды қабылдау-тапсыру процесінде ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші ақаулары бар жеткізілген Тауарды қабылдаудан Актіде оларды көрсету арқылы бас тартады, бұл Шарттың 6-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға және анықталған ақаулар туралы Жеткізушіге тиісті дәлелді жазбаша хабарлама жіберуге негіз болып табылады.
- 4.8. Тауарды жеткізу күні Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған Актіде көрсетілген күн болып есептеледі.
- 4.9. Шарттың 4.7-тармағында көзделген жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдаудан бас тарту туралы хабарламаны алған күні ақаулары бар Тауарды өз қаражаты есебінен өзі алып кетуді жүзеге асырады. Жеткізуші алып кетпеген Тауардың сақталуына Тапсырыс беруші жауапты болмайды.

5. КЕПІЛДІКТЕР

- 5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті адамдары *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* қол қойған күннен бастап 12 ай ішінде Тапсырыс беруші ұсынған нысан бойынша кепілгердің міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны Тапсырыс берушіге беру арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.
- 5.2. Кепілдік мерзімі ішінде жеткізілген Тауарда ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақауларды өз қаражаты есебінен жоюға немесе ақауы бар Тауарды бағасы бойынша ұқсас және сапасы тиісті (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа Тауарға ауыстыруға міндеттенеді.
- 5.3. Ауыстырылған ақаулы Тауарға немесе ақаулар жойылған Тауарға кепілдік мерзімі ақауларды жою немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүргізілген уақыт кезеңіне ұзартылады.
- 5.4. Ақауларды жою немесе ақаулары бар Тауарды бағасы мен тиісті сапасына ұқсас (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты

болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей, Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда – Тауарды жеткізу күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10% (он пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) ақаулы Тауарды ауыстыру немесе Тауардағы ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда, оның ішінде кепілдік мерзімінің кезеңінде – оның ішінде ақауы бар Тауарды бағасы бойынша ұқсас және сапасы тиісті (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа Тауарға ауыстыру немесе Тауардағы ақауларды жою күні қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10% (он пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Ақауларды жою және (немесе) ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасы бойынша ұқсас жаңа (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) Тауарға ауыстыру мүмкіндігі болмаған/одан бас тартқан жағдайда:

Тауарды қабылдау-тапсыру процесінде Жеткізуші ақауы бар Тауар құнының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді;

кепілдік мерзімі ішінде Жеткізуші ақауы бар Тауар құнының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді және Тапсырыс берушіге ақауы бар Тауардың құнын қайтарады.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төлемге жататын сомадан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10% (он пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Тараптардың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, жасырын ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші Жеткізушіден Тапсырыс берушіден алынған жасырын ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын Жеткізушінің келісімінсіз дербес ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.10. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ол Жеткізушіге алынбаған пайданы өтемейді және Жеткізуші шеккен нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.11. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік этика мен адалдық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.12. Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап-арызы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сот арқылы жарамсыз деп танылады.

7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде техникалық құжаттама, жоспарлар, сызбалар, модельдер, үлгілер немесе Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған өзге де ақпарат) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерге беру жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылса немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратулары негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпарат жария етілген жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға тікелей әсер еткен мынадай еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, лаңкестік әрекеттер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер туындауы, шектеу шаралары, Қазақстан Республикасының құқықтық актілері қабылдануы салдарынан болса, онда жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімдері осындай жағдайлар орын алған кезеңге ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап басқа Тарапқа

Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, басталғаны және тоқтағаны туралы дереу жазбаша хабарлайды, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім болған фактілер дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, одан кейін Тараптардың ешқайсысы, басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуін талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге де жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін мақсатқа сай болуына қарай орындауды жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген мән-жайларға байланысты болмайтын балама тәсілдерін іздестіруді жүргізеді.

9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптар болған кезде қолданылады)

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасынан 0% (нөл пайызы) мөлшерде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді:

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша түрінде енгізеді.

9.2. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Жеткізушіге Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* қол қойған күннен бастап және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

9.3. Егер Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап екінші Тарапты

тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабардар етеді.

11.2. Шартқа барлық өзгерістер Шарттың 2.1 және 11.1-тармақтарында көзделген өзгерістерді қоспағанда, қосымша келісіммен ресімделеді және оған Тараптар қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерде дәйексіз ақпарат анықталған;

3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт дереу бұзылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік көтермейді;

4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

5) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол аяқталғаннан кейін Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзудың себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілдік міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

13. ШАРТ ТІЛІ

13.1. Шарт қазақ және орыс тілдерінде электрондық формада, заңдық күші бірдей 2 (екі) бірдей данада жасалады, әрбір Тарапқа Шарттың 1 (бір) данасынан беріледі.

14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер тоқтамайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына ауысады.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс берушінің заңды мекенжайы мен тұрғылықты жері>

<Тапсырыс берушінің тұрғылықты жерінің нақты мекенжайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банктің атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс берушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізушінің заңды мекенжайы мен тұрғылықты жері>

<Жеткізушінің тұрғылықты жерінің нақты мекенжайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банктің атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. - тегі, аты, әкесінің аты.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 3) пункта 17 и подпунктом <основание для осуществления закупки> пункта 158 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом прямого заключения договора <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик принял решение о проведении закупок <наименование товара> (далее – Товар) у Поставщика способом прямого заключения договора на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство осуществить поставку Товара в соответствии с ценой за единицу Товара, наименованием, количеством, комплектностью, указанными в технической спецификации, в срок и на условиях, предусмотренных Договором.

